

БЕКІТІЛДІ:
«Алматы» МҚҰ» ЖШС қатысушыларының
Жалпы жиналысының шешімімен
(31.07.2026 ж. № 8 хаттама)
31.07.2026 ж. Ішкі кредиттік саясатқа
№ 4 қосымша
Микрокредиттер бойынша тарифтер алынбайды.



Микрокредиттерді беру шарттары

1) «Стандарт» микрокредиті

Нысаналы топ	Алматы қ. ШОБ ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған субъектілері
Кредиттің мақсаты	Инвестициялар; Айналым қаражатын толықтыру;
Несиелендіру лимиті	20 000 АЕК-ке дейін.
Сыйақы мөлшерлемесі	Жылдық 6% – СУСН, әлеуметтік кәсіпкерлер, Алматы қаласының Индустриялық аймағының резиденттері/ШӨП, ШӨП салу жобалары, жәрменкелерді, гастрокөшелерді, креативті хабтарды, коворкинг-орталықтарды ұйымдастыру жобалары, креативті индустрия жобалары, сондай-ақ инновациялық бизнес саласына арналған инфрақұрылым жобалары үшін. Жылдық 9% – Бағдарламаға №1 қосымшада көрсетілген қызмет түрлеріне сәйкес қаржыландыруға жататын шағын және орта кәсіпкерліктің өзге жобалары үшін.
Несиелендіру мерзімдері	Инвестициялар – 84 айға дейін; Айналым қаражатын толықтыру – 12 айға дейін. Несие желісін 12 айдан аспайтын траншпен 36 айға дейін мерзімде ашуға рұқсат етіледі.
Жеңілдікті кезең	Негізгі борышқа – кредит комитетінің шешімі бойынша; Сыйақыға – кредит комитетінің шешімі бойынша.
Негізгі борышты өтеу шарттары	1. Аннуитет; 2. Тең үлестермен.
Қаржыландыру нысаны	1. Микрокредит беру туралы шарт; 2. Жанартылатын несие желісі; 3. Жанартылмайтын несие желісі.
Қамтамасыз ету	1. Жылжымалы және жылжымайтын мүлік (оның ішінде сатып алынатын); 2. «Алматы» МҚҰ» ЖШС кепілді саясатына сәйкес басқа қамтамасыз ету.
Қарыз алушының қосымша шығыстары:	1. Кепілге қойылған мүлікті тәуелсіз бағалау; 2. Кепіл мүлкін сақтандыру; 3. Кепіл мүлкін тіркеу.
Өзге шарттар	1. Жылжымайтын мүлікті сатып алу немесе салу жобалары бойынша қарыз алушының меншікті қатысу үлесі кемінде 30%-ды құрауға тиіс. Меншікті қатысуға қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша кепілдік

камтамасыз ету қабылданған кезде жобаның толық құнын қаржыландыруға жол беріледі.

2. Алматы қаласының Индустриялық аймағының және шағын өнеркәсіптік парктердің резиденттеріне бұрын «Алматы» ӘКК» АҚ-нан алынған қарыздарды қайта қаржыландыру үшін микрокредиттер беруге жол беріледі.

3. Алматы қаласындағы экономикалық, әлеуметтік немесе эпидемиологиялық жағдайға әсер ететін мән-жайлар туындаған кезде, қала басшылығының тапсырмасы бойынша белгіленген лимиттерден асатын мөлшерде, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2%-дан аспайтын кредиттер беру мүмкіндігі қарастырылады (жеке қаржы өнімі карточкасымен бекітіледі).